

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумының пленарлық сессиясына қатысты, деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі.

АСТАНА ФОРУМЫ: ҰНТЫМАҚТАСТЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ЖИЫН

Дөнгелек үстел форматында өткен пленарлық сессияда жоғары мәртебелі делегаттар әлемдік экономикадағы, сауда және саясаттағы жаһандық үдерістерді талқылады. Сондай-ақ климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді түйткілдердің шешу жолдарын егжей-тегжейлі қарастырды.

Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Босния және Герцеговина Президиумының төрағасы Желька Цвијановић, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ЮНЕСКО бас директоры Одрэ Азуле, ХВҚ Басқарушы директоры Кристилина Георгиева, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмид және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – ЭСКАТО ұйымының атқарушы директоры Армида Салсиа Алисдажабана сөз сөйледі. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гуттереш форум қатысушыларына видеондау жолдады. Пленарлық отырысты белгілі CNN журналисі Ричард Квест жүргізіп отырды.

Форум қатысушылары алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы осы жиынға қатысу үшін елімізге арнайы келген Қатар Әміріне, Қырғызстан Президентіне, Босния және Герцеговина Президиумының төрағасына, Өзбекстан Премьер-министріне ризашылығын білдірді.

Президент жаһандық экономикалық қазіргі жай-күйі мен өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасу үшін аталған форумның маңызы зор екенін атап өтті.

– Бұл – халықаралық серіктестіктің шынайы мән-маңызын айқындайтын жолдың бірі. Осы Форумды бастай отырып, стратегиялық серіктесіміз – Біріккен Ұлттар Ұйымына және оның ХВҚ, ЮНЕСКО, БҰҰДБ, ДСҰ, ЭСКАТО секілді ұйымдарына, басқа да халықаралық институттарға, сондай-ақ ақпараттық әріптесіміз – CNN-ге шынайы ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіздер, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен қазіргі заман өркениетінің сын-қатерлеріне назар аударып, Астана халықаралық форумы миссиясының бес негізгі міндетіне тоқталды. Атап айтқанда, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; негізгі сын-қатерлер мен дағдарысты айқындау; осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру; көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіру; бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту форумның негізгі миссияларының қатарына кіреді.

Сонымен қатар Президент Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сәттен бері негізі қаланған әлемдік тәртіпке төнетін қауіп-қатерлер туралы айтты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала беретінін әрі бұл ұйым барша адамзат баласының мүддесі мен шынайы мұқтаждықтарына қызмет ететінін айрықша атап өтті.

Президент өз сөзінде әлемдегі жаңа дағдарыстың ықпалына қатысты ой-пікірін бөлісті.

– COVID-19-дан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі соңғы «жаңа дағдарыстар» нәзік халықаралық экожүйеге қауіп төндірді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың түпкі себебі тереңде жатыр. Сонымен қатар біз 30 жылдан кейін «блоктарға» бөлінетін ескі көзқарастарға қайта оралу жағдайына куә болып отырмыз. Тек геосаяси күш біздерді жікке бөліп жатқан жоқ. Оның экономикалық астары да бар. Экономикалық саясат қару ретінде ашық қолданылуда. Бұл қарама-қайшылықтар санкциялар мен сауда соғыстарын, мақсатты борышкерлік саясатты, қаржыландыру көздерінен шектеуді немесе жоюды, сондай-ақ инвестицияны бақылауды қамтиды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан сенімді сауда-экономикалық серіктес ретінде Орталық Азияның экономикалық локомотиві ролін атқарып отыр.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев форум ортақ мәселелерді шешуге, сондай-ақ әріптестікті, даму мен прогресті ілгерілетуге өз үлесін қосатынына сенім білдіріп, жиынға қатысушыларға табыс тіледі.



Ақмешіт

10 маусым
сенбі

№46 (1953)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



Сәрсенбінің сәтті күнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елордада Орталық коммуникациялар қызметінде баспасөз мәслихатын өткізді. Соңғы кезде Сыр өңірінде ауқымды жобалар жүзеге асып жатқаны жұртшылыққа белгілі. Ел мақтаған Сыр өңірінде қандай жобалар жүзеге асуда? Аймақ басшысы БАҚ өкілдеріне облыстағы қандай игі істерді баян етті? Бұл көп көкейіндегі сұрақ десек артық айтқандық емес. Аймақ басшысының Астана төрінде нендей жетістіктерді атап айтқанын саралап көрелік...

ҚАРБАЛАС ТІРЛІКТЕ

НӘТИЖЕ БАР


немесе Нәлібаев мақтауға мұқтаж емес



Ең алдымен Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауы арқасында өңірде ел игілігіне қызмет ететін жобалар жүзеге асып жатқанын атап айтқан аймақ басшысы биыл 4 айда облысымызда әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динами-

касына қол жеткенін жеткізді. Яғни ауыл шаруашылығының өнімі 1,6, өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1,9, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2,4, сауда көлемі 2,5, инвестициялар тарту 42,1, құрылыс көлемі 44 пайызға артқан.

2 БЕТТЕ



THE WALL STREET JOURNAL.

НАТО: Айбат пен секем

Ресей әскері Украинаға басып кіргелі жылдан асты. Әрі-бері ойысқан қақтығыста нәтиже жоқ. Ал батыс елдері болса, әлі де алашапқы. Токтаусыз көмек, мәңгі келісім, дудамал доқ, айғай-сүрен... Әйтеуір, саяси таразыда есе жібергісі жоқ, кемі – қос тараптың күшін тең қылу әрекеті. Енді, міне, атап ішінде бағдары белгісіз тағы бір қадам жасалды. Жуырда НАТО бірлестігі тарихтағы ең ауқымды әскери жаттығу өткізіп, «Әлем күшін» көрсетіп. Бұл туралы «The Wall Street Journal» басылымында Боян Панчевскийдің мақаласы жарық көрді. Тақырыбы – «НАТО әскери жаттығуға дайындық үстінде».



Автор алдымен оқу-жаттығуға қатысатын жасақ саны мен әскери техника жайына тоқталған. Сөзінше, іс-шарада соңғы үлгідегі әскери көліктер, замануи қорғаныс құрылғылары қамтылған. Тіпті альянс құрылымын көзді қаршығандай қорғайтын жойғыш ұшақтар да бой көрсетіп.

«Келер аптада одақтас елдер тарихтағы ең ауқымды оқу-жаттығу өткізбекші. Бұл – Ресей агрессиясын тежеу мен күш әлеуетін көрсетудің теге жолы. «Air Defender 23» деп аталатын шараға 25 мемлекет қатысып, 250 ұшақ пен 10 мың әскер бой көрсетеді. Ең маңыздысы, В-1 стратегиялық бомбалаушы техникасы, алыс қашықтыққа негізделген ұшқышсыз қондырғы және замануи реактивті F-35 жойғыш ұшағы сығана түспек. АҚШ ұлттық әуе қорғаныс гвардиясынан 100 ұшақ пен 2600 әскер бөледі. Іс-шара ауқымы Еуропадан Жапонияға дейінгі аралықты қамтиды деп жоспарланған. Мұндай шешім әуе-қорғаныс күштерін тек батыс елдерін емес, қауіп аясындағы Оңтүстік Корея мен Жапонияға да дер кезінде көмек беруге баулиды», – дейді Боян Панчевский.

Бір қарасаң, автор сөзінің жаны бар. Мәселе жаттығудың географиялық ауқымына қатысты. Кеңірек тарқатайық.

Ашығын айтқанда, Ресей мен Украина соғысы басталғалы НАТО-да екі сұрақ басымдыққа ие болғанын байқаймыз. Біріншісі, әрине, агрессор Ресейдің айылын жидыру болса, кейінгісі жана қақтығыс ошағын бағамдау еді. Себебі, шығыста да дәл Украинадағы ахуалға жуықтас «онсыз да шығайын деп тұрған көз» көп. Қытай маңындағы Тайвань, Жапониядағы Куриль аралдары, Солтүстік Кореядағы долы басы. Мысалын бәрі «Кезекті майдан осында ойысай ма?» деген секем ойға жетелері анық. Әскери оқу-жаттығудың альянс аумағын түгел қамтыуының бір сыры осы. Оқу-жаттығуды үйлестіріп, Германия әуе күштерінің генерал-лейтенанты Инго Герхард та аталған пікірді үстей түскен болатын. Ол «бақталастарға НАТО-ның шекарасын көзге шұқып көрсетіп, әрбір сантиметр үшін күш сынайтынын» айтқан еді.

«Әскери одақтастардың күшін көрсету мүмкіндігі әлеуетін көрсетіп, сенім мен күш-жігерді бағамдауға жол ашады. Сондай-ақ қорғаныс жүйесін сынап көруге де таптырмас мүмкіндік. Мысалы, оқу-жаттығу кезінде әуе соққысына қарсы жойғыш құрылғылар қолданылады, АҚШ-тан Еуропаға замануи қорғаныс техникалары жеткізіледі. «Air Defender 23» шарасында Альянс аумағына арнайы әскер шоғырландырып, Ресейдің НАТО-ға мүше мемлекеттерге шабуылдауы ықтимал нұсқалар бойынша қорғаныс шарасы өтеді. Қарсыластың тұтқиылдан соққы беруі мүмкін порттардың қауіпсіздігі күшейтілсе, бірлескен жаттығу кезінде қарсы шабуыл жоспары түзіледі. Яғни жау аумағындағы инфра-структураны, қорғаныс қалалары мен бекіністерді басып алу жолы ескелмек.

Жаттығу кезінде Германияның кей бөлігінде азаматтық әуе қатынасы уақытша тоқтатылып, жеке ұшақтардың да әуеге көтерілуіне тосқауыл қойылатын болады. НАТО-ның шығыс қанаты – Литва, Румыния, Польша. Чех мемлекетінде де жүйелі қорғаныс амалдары тексеріледі. Жалпы, «Air Defender 23» барысында Еуропа қорғанысының қалтарыстағы оқшылығы сараланып, техникалық базаның жарамдылығы тексеріледі деп жоспарлануда. Оқу-жаттығудың барынша шынайы кейіпте болуы үшін қарсылас мемлекеттер тұсынан жасанды соққы ұйымдастырылатын болады», – дейді мақала авторы.

Айбатқа айғаймен жауап қайтара қоятын Ресей ме, ол да өзінше амалға көшкен. НАТО-ның оқу-жаттығуына жауап ретінде Ресей де әскери жаттығу ұйымдастырып, бірлестіктің күшіне пысықмайтынын көрсетті. Тіпті НАТО-мен бір мезетте, ол аз десеңіз, бір теңізге – Балтық теңізінде қатар күш байқатуда. Көршіміз бұл шараға 4 мыңға жуық әскер, 40 кеме, 25 ұшақ қосқан. Олардың міндеті – теңіз қауіпсіздік коммуникациясын қамтамасыз ету, флот амандығы мен қорғаныс нысандарын қадағалау.

Ресми мәліметке сенсек, НАТО аталған теңізде жай жүрген жоқ. «Балтық операциясы» деп аталатын жаттығуға кірісіп, альянсқа мүше 19 ел мен үміткер Швеция әскері белсенді әрекет етуде. 6 мыңға жуық әскер, 50 кеме, 45 ұшақ күн-түні қырағы қызметте. Теңіз қорғанысында ерекше маңызға ие әуе, мина қатеріне қарсы жүйе тексеруге түскен.

Міне, қос тараптың текетіресі әлем назарын тағы да өзіне аударды. Ендігі бағдар қалай құбылары уақыт еншісінде.

4 БЕТТЕ

ВИЦЕ-МИНИСТР САПАРЫ: Денсаулық саласының жетістігі де, кемшілігі де айтылды

Бейсенбі күні
Денсаулық сақтау
бірінші вице-министрі
Тимур Сұлтанғазиев
аймаққа іс-сапармен
келді. Өңірдің
медицина саласындағы
өзекті мәселелерімен
танысу, сала
мамандарымен кездесу
мақсатында арнайы
келген министрдің
орынбасары бірқатар
нысанды аралады.

4 БЕТТЕ



Егемендіктің елең-алаңында небір зауыт-фабрикалар мен қоймалар, түрлі ғимараттар «азулылардың» меншігіне өтіп кеткені жасырын емес. Шамасы келгендер қарманып, болмашы тиын-тебенге талай жұрттың несібесін еселеп отырған мекемелерді сатып алды да. Мұны ешкім жоққа шығармайды. Тіпті Парламентте ашық айттылып, заңсыз алынған активтерді қайтару жайы қозғалып жатыр.



ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН АКТИВТЕР ҚАЙТА МА?

4 БЕТТЕ

ҚАРБАЛАС ТІРЛІКТЕ НӘТИЖЕ БАР немесе Нәлібаев мақтауға мұқтаж емес

«ҚУАТТЫ ӨКІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ»
ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БИЫЛ МЫҢ ШАРШЫ
МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛМЕКШІ



Шикізатқа тәуелділікті қалай азайтамыз?

Шикізатқа тәуелділікті азайту – Сыр өңірінің ғана емес, ел экономикасындағы көкейтесті мәселе. Аймақ басшысы баспасөз мәслихатында бұл мәселені айналып өткен жоқ. Өңір әкімі алға тартқан мәліметке сүйенсек, өнеркәсіп өндірісінің 70 пайызға жуық үлесін алатын тау-кен секторында 2013 жылдан бері қордың сарқылуы салдарынан мұнай өндіру 6,5 млн тоннаға азайған. Бүгінде жана мұнай кен орындарын игеру үшін «Шу-Сарысу» бассейнінде геологиялық геофизикалық зерттеу жұмыстары аяқталып, мұнай қорын бекіту жұмыстары жүргізілуде. Шикізатқа тәуелділікті азайту мақсатында экономиканы әртараптандыру бағытында ірі жобалар жүзеге асуда. Атап айтқанда, жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы «Қармақшы құс» ЖШС, 36 мың тонна бие сүтін өндіретін «Айгасар» ЖШС, 700 тонна түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін «Қазақ камел» ЖШС зауыты, 172,8 мың тонна құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін «Арал кварц» ЖШС жобалары жүзеге асуда.

Сонымен қатар өткен жылдың қазан айынан бастап шыны зауытының іске қосылуы да өңір экономикасына серпін беруде.

– Өткен жылы зауыт елімізді 32 мың тоннадан астам өніммен қамтамасыз етті. Биылғы 4 айда 3,5 млн текше метр шыны өнімі өндірілді. Зауыт өнімі республика өңірлеріне, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, және Ресейге экспортталуда. Шыны зауытының жанынан 32 млрд 800 млн теңгені құрайтын 3 ілеспе кәсіпорын ашылады. Бұл жобалар жаңа жұмыс көзін құруға, халықтың табысын арттыруға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі. Сондай-ақ құрылысы биыл басталады деп жоспарланған «Шалкия» кен орнындағы тау-кен байыту комбинаты да өңір экономикасы үшін маңызды жобалардың бірі. Ал «Баласауыскандық» кен орнында кара тактатасты автоклавты өңдеу бойынша тәжірибелік-өндірістік кешен жұмыс жасауда. Өткен жылы кешенде 454 тонна, биылғы 4 айда 81 тонна өнім өндіріліп, Ұлыбритания, Ресей елдеріне экспортталған.

Қызылорда – инвестиция тартудан көш басында

Аймақ басшысы атап айтқандай, Мемлекет басшысының тапсырмасына орай жалпы-ұлттық бірінші жобалар пулы қалыптастырып, құны 907 млрд теңгеден асатын 36 жоба енгізілген. Өткен жылы құны 5 млрд 100 млн теңге болатын 4 жоба іске қосылса, биыл құны 13 млрд 400 млн теңгені құрайтын 9 жоба жүзеге аспақ.

– Бұл ірі жобалардың жүзеге асуы өңірде инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Атап өту қажет, біздің аймақ инвестиция тарту қарқыны бойынша республика көлемінде алдыңғы қатардан көрінді. Биыл өңірге 424 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылады, – деді аймақ басшысы.

Шағын кәсіп ел экономикасын өрге сүйрейді

Аймақта шағын және орта кәсіпті дамыту жұмыстары да нәтижесін беруде. Аймақ басшысы алға тартқан цифрларды сөйлестек, биылғы 5 айда кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 23 млрд теңгеге жуық қаржы қаралып, 1700 жобаға қолдау көрсетілген.

Басы 1-бетте

Мәселен, саланы әртараптандыру мақсатында мал азықтық дақылдар көлемі 2300 гектарға, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 222 гектарға, негізгі дақыл – күріш көлемі 5400 гектарға ұлғайған.

Биыл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сыр дикандарын мемлекеттік қолдау мақсатында «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясымен» күріш өнімін форвардтық сатып алу келісілген. Келісімді тиімді іске асыру үшін Үкіметтің қолдауымен 1 млрд 200 млн теңге қаралған.

Аймақ басшысы атап айтқан жаңалықтың бірі – бүгінде Украина ғалымдарымен бірлесіп демонстрациялық алаң ашылуда.

– Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы, халықтың тыныс-тіршілігі өзен суымен тікелей байланысты. Сырдария өзені мен Арал теңізіне қатысты жағдай қашан да өзекті. Соңғы 12 жылда Арал теңізінің суы Солтүстік бөлігінің суы 8 млрд 500 млн текше метрге азайып кетті. Тұтас өңірдің тағдырына байланысты ахуалды біз Парламентте, Үкімет алдында үнемі көтеріп келеміз. Мемлекетаралық келісімнің нәтижесінде өткен жыл ішінде теңізге 816 млн текше метр су келсе, биылғы жылдың 5 айында 1 млрд 600 млн текше метр су түсті.

Мемлекет басшысының қолауымен өткен жылдан бастап құны 4 млрд 500 млн теңгені құрайтын «Көкарал» бөгетін сақтап қалу жобасы іске асуда. Оған 2022 жылы 500 млн теңге, 2023 жылы 1,9 млрд теңге бөлінді. Жоба келесі жылы аяқталады. Нәтижесінде «Көкарал» бөгетінің бұзылу қаупі жойылып, теңіздегі су айналымы қалыптасады, – деді облыс әкімі.

Ауылдарды көркейтудің үлгісі

Мемлекет басшысының ауылдарды дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша Сыр өңірінде ауылдарды көркейтудің жаңа үлгісі бар. Аймақ басшысы атап айтқандай, биылдан бастап «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтпек. Бұл үшін облыстық бюджеттен 467 млн теңге бөлінген. Конкурс аясында «Үлгілі

«АУЫЛДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУДЫ ЖАҒҒЫРТУ» ҰЛТТЫҚ
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ
МЕКЕНДЕРДЕ 27 ДӘРІГЕРЛІК
АМБУЛАТОРИЯ САЛЫНАДЫ

– Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жыл басынан бері несие портфелі 8 млрд 600 млн теңгені құрайтын 168 жоба субсидияланды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 76 мың бірлікті құрап, 33 пайызға ұлғайған. Жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 39,2 пайызға ұлғайып, 72,1 мың бірлікті құрады, – деді өңір басшысы.

Сонымен қатар Ел Президентінің тапсырмасына сай өңірде жастардың кәсіпкерлік бастамаларына 2,5 пайызбен 1 млрд 300 млн теңге жеңілдетілген несие берілген. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 454 жобаға жеңілдетілген несие берілмек. Қосымша 19,5 млрд теңгеге салалық министрлікке 2756 жоба ұсынылған.

19 мың жаңа жұмыс орны құрылды

Жұмыссыздықты азайту, жаңа жұмыс орындарын ашу – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Баспасөз мәслихатында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы бұл мақсатта жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап айтты.

– Президенттің 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес 2022 жылы өңірде 12 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, жылдық жоспар 263 пайызға орындалды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға, жастар арасындағы жұмыссыздық 4 пайызға тұрақтады. Биыл «Өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» аясында жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайызға дейін төмендету жоспары бар. Өңірлік картадағы жоспардың 43,3 пайызға орындалуына қол жетті, яғни 19 мың жұмыс орны құрылды. Оның 16 мыңға жуығы жаңа жұмыс орны, тұрақтысы – 6952, уақытша – 12055, – деді облыс әкімі өз баяндамасында.

Ата кәсіпке қолдау бар

Баспасөз мәслихатында аймақ басшысы сырбойлықтардың негізгі кәсібі саналатын ауыл шаруашылығын қолдау жайын баяндады.

Облыста пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 2,4% -ға өсті

ҚАЛАНЫҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДА
ЗОО ОРЫНДЫҚ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ
БӨЛІМШЕСІ БАР КӨП БЕЙНДІ
АУРУХАНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ
БАСТАЛДЫ

Негізгі мақсат – су тапшылығына байланысты тамшылатып суару әдісін қолдану арқылы әртараптандыру бағытындағы дақылдар, күріштің бірнеше сорттарын тәжірибе ретінде енгізу. Сонымен қатар Сыр өңірінде бақша дақылдарын егу үшін тұрғындарға арнайы жер телімдерін дайындап беру жыл сайын жүзеге асуда. Биыл да қала мен аудандарда 5488 отбасына 3 мың гектардан астам жер берілген.

Сырдария жайы алаңдатады

Дария жағасында тіршілік еткен елдің әрдайым Сырдария жайына алаңдаулы екені рас. Аймақ басшысы баспасөз мәслихатында Сырдария жайын да атап айтты.

Облысқа 42,1% артық инвестиция тартылды

ҚЫЗЫЛОРДАДА ПАЙДАЛАНУҒА
БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР
САНЫ 2,4 ПАЙЫЗҒА АРТТЫ



Сәуір айында Қызылорданың Түркістан облысымен шекарасында демеушілік есебінен құны 230 млн теңге болатын облыстың кіреберіс қақпасы ашылды.

«ҚазГермұнай» ұлттық компаниясымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында 2 млрд 500 млн теңгеге замануи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы осы жылдың шілде айында басталады.

«Балалар жылы» аясында аймағымыздың демеушілері 1 млрд 600 млн теңгеге 80 спорт-ойын алаңын салды. Өткен айдан бастап демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңгеге облыс орталығында 50 үйдің қасбеттері заманауи панельдермен жаңғыртылуда. 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауалары абаттандырылуда, яғни замануи спорт алаңдары, тротуарлары, жарық бағаналары жаңартылуда, – деді облыс әкімі.

Бүгінде Сыр өңірінде ел игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Өңір экономикасына дем берер ауқымды жобалар, ел мұқтажығын өтейтін әлеуметтік нысандар да көптеп салынууда. Бір сөзбен айтқанда, аймақтағы қызу тірлік, қолға алған жобалар нәтижесін мақтаусыз-ақ ел сезінуде. Елге қызмет етем дегендердің басты мақсаты да осы.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарқын алып, техниканың қарыштап дамыған заманы десек, жас ұрпақтың соған лайық сапалы білім алуы, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруы бүгінгі күннің басты талабы. Бұл – сала жаңа өзгерістер мен тың бастамалардың ортасы. Сондықтан қазір мектептер көштен қалмай, заман талабына сай білім беру үрдісін қалыптастыруда.

Бүгінде білім аламын деген балаға жол ашық. Білім ордаларында да баланы оқуға ынталандыруда барынша жағдай жасалған. Тек 45 минут сабақ оқу емес, үзіліс кезінде де босқа уақыт құртпай танымын кеңейтуге, оқушылардың бір-бірімен білгенімен бөлісуіне мүмкіндік бар. Дәл мұндай мүмкіндік аламын қаладағы К.Карақозов атындағы №235 мектебінде де қарастырылған.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҰШТАСТЫРҒАН

Ширек ғасырлық тарихы бар бұл мектеп ескі ғимаратта орналасқан. Осынша жыл ішінде күрделі жөндеу көрмеген білім ордасына бұл келерге емес. Бастысы, ұжымның ауызбірлігі мен басшының көшбасшылық қасиеті. Соның нәтижесінде мектеп ұжымы білім ошағын замануи үлгіде жабдықтапты. Есіктен кірген бойда орналасқан ұзын дәліздің екі жағы да тәрбиелік мәні зор, тағылымды, танымдық дүниелермен безендірілген. Десе де оның бір бөлігі ерекше балаларға арналып жасалған екен.

– Бұл ұжымға басшылыққа келгеніме 1 жылдан асты. Мектеп ғимараты ескі. Күрделі жөндеуді қажет етеді. Десе де басшылық қызметке келгенде алғаш қолға алғаным мектептің өз қаржысы есебінен ғимаратты жөндеу болды. Осылайша қолдан келгенше мектептің 1 қабатына жөндеу жүргіздік, – дейді мектеп директоры Роза Жадиева.

Басшылыққа келген білікті маман, тәжірибелі ұстаз Роза Жадиева тәртіп пен тәрбие болмаған жерде сапалы білім болмайтын айтады. Сондықтан алдымен бала тәрбиесіне басымдық беруді көздейді. Бұл ретте оқушы мен ұстаз емес, оның ата-анасы, отбасы да маңызды рөлге ие. Үштік байланысты нығайту мақсатында мектепте ұлттық жобалардан бөлек «Отбасылық тәрбие мектебі» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жобада «Кімешек» әжелер мектебі, «Данышпан» аталар, «Тірек» әкелер, «Мейірім» аналар мектебі қалыптасқан. Осы аталған жоба бойынша балалардың ата-анасымен байланыс орнатып түрлі мектеп-шілік іс шаралар өткізіледі. Сонымен қатар ата-аналардың «Ынтымақ» кабинеті жұмыс істейді.

– Алғашқы безендіруді үздіктер ағашын жасаудан бастағанмын. Мұнда бастауыш сынып оқушылары арасында олимпиада, ғылыми жоба жеңімпаздарының, сондай-ақ түрлі іс-шараларға белсенді қатысқан оқушылардың суреті ілінеді. Бұл өз кезегінде баланың оқуға, қоғамдық шараларға деген қызығушылығын арттырады. Бұдан бөлек ата-ана-бала-ұстаз үштігін нығайтуда «Отбасылық тәрбие мектебі» жобасы бар. Соның аясында ата-аналарды шақырып, оқушылармен бірге семинар-тренингтер өткізіледі. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» ұлттық жобасы аясында оқушының ата-анасымен бірге кітап оқуы ұйымдастырылады. Жалпы мұнда оқушылардың үзіліс кезінде кітап оқуына болады. Соның нәтижесінде олардың оқыған кітаптарынан макет жасап, арнайы бұрыш дайындадық. Бұл да балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, өзара ой алмасуына мүмкіндік берді, – дейді білікті басы.

Өз кезегінде мектепте әкелердің ролін арттыруға да басымдық берілген. Бұл ретте сынып старосталарынан бастап ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес жетекшілігіне ер азаматтар белгіленген.

Бүгінде оқушылардың жан-жақты әрі толыққанды білім алуына, бос уақытын тиімді өткізуіне, қарым-қабілетін ашып, өзін-өзі тануына барынша мүмкіндік жасалған. Балалардың ой қабілетін, қимыл-шарықтарын дамытуда ұлттық ойындар жобасы да қолға алынған. Оның ішінде «асық ату», «бес тас» ойындары республикалық деңгейдегі жобаға айналды.

Білікті басы мен ұстаздар ұжымы білім мен тәрбиені осылайша ұштастыру арқылы өскелең ұрпақтың сауатты, саликалы азамат ретінде қалыптасуына сеп болмақ.

Білім ордасының елу жылдығы қарсаңында мұнда «Ынтымақ» кабинеті ашылған. Ол «Отбасылық тәрбие мектебі» жобасы аясында жүзеге асырылды. Кабинет қабырғасында тағылымды, тәрбиелік мәндегі ережелер ілінген. Үй ережесі аталатын бұл кестеде отбасында баланың, ата-ананың не істеу керектігі жазылған. Сондай-ақ қыз баласы мен ер балаға арналған тәрбиелік нақыл сөздер де бар. Бұл кабинетте ата-аналар қыздарымен бірге тігін тігіп, ою ояса, ер балалар ағаш бұйымдарымен жұмыс істейді. Сонымен



қатар мұнда ата-аналардың бала тәрбиесі жөнінде психологиялық кітаптар оқуы үшін кітап қоры да жасакталған.

Ерекше балаларға қамқорлық

Бұл білім ордасы басымдық берген тағы бір бағыт – ерекше балаларға қолдау көрсету. Әрине, оларды оқытып-тоқытудың өзіндік әдіс-тәсілі бар. Мұғалім мұны да меңгеруі қажет. Сондықтан алдымен оларға сабақ беретін ұстаздың баланың жандуниесін түсініп, олармен өз деңгейінде қарым-қатынас жасай алуы негізге алынған. Мұнда 9 ерекше бала білім алады. Олардың әрқайсысына жеке педагог-ассистент белгіленген. Осындай ерекше балаларды қолдауда

білім ошағында «Нұрлы бала» жобасы жұмыс істейді.

– Мектеп дәлізінің оң жақ бөлігінде ерекше балалардың сыныбы орналасқан. Соған сәйкес үзіліс кезінде олардың да ой-өрісін дамытуға жағдай жасалды. Сыныптан шыға бере олар түрлі танымдық ойындар ойнап, аквариумдегі балықтардың тіршілігін бақылай алады. Сонымен қатар тордағы құстардың дауысы да олардың көңіл-күйіне оң әсер ететінін байқайды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруде оң нәтиже барын атап өткім келеді. Ата-анаға мұндай баланы оқыту қиынға соғады. Кейде қаланың алыс шетінен келіп, ерекше баласының біздің мектептен білім алғанын қалайтын ата-аналар бар. Сондай сәтте еңбектің еш кетпегенін түсінесің, – дейді

Бетті дайындаған Айдана СейІІ Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



БІЛІМ АЙНАСЫ

Ерекше балаларға арналған тағы бір тиімді әдістің бірі – «Армандар ағашы». Білікті ұстаз Роза Тағыбергенқызы мұндай балалардың ерекше қабілетін ашу мақсатында олардың арманын жазуына мүмкіндік берген. Нәтижесі де жаман емес. Бүгінде арманын жазудың арқасында мүмкіндігі шектеулі балалар арасында математик, суретшілер шығуда.

Білікті ұстаз білімді шәкірт

Елу жылдық тарихы бар оқу ордасында бүгінгі күні 1077 оқушы тәлім алуда. Ал оларды білім нәрімен сусындатуда 136 мұғалім қызмет етеді. Оның ішінде 131-і жоғары білімді. Ұстаздық деңгейіне байланысты 25 педагог-зерттеуші, 31 педагог-сарапшы, 30 педагог-модератор бар. Сонымен бірге мұғалімдер арасында әдістемелік құрал, авторлық жоба авторы да бар. Мектеп басшысы Роза Жадиеваның ұстаздар қауымына қояр талабы да осы. Ұстаз жаңа заманға сай білімді, білікті, ізденімпаз болу керек. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деп бекер айтылмаған. Білікті мұғалімнен білім алған шәкірттері де оқуда озат, озық ойлы өрендер.

Қазір мүмкіндіктер заманы. Әсіресе мектеп оқушылары үшін кез келген бағыттағы жол ашық. Әр баланың өзіндік ерекшелігін, қабілетін ескере отырып оқыту бүгінгі күні жақсы дамып келеді. Мәселен, мектепте биология пәніне қызығатын өрендер үшін сабақ барысында оқығанын тәжірибе ретінде сынап көруіне мүмкіндік бар. Ол үшін арнайы бөлмеде түрлі өсімдіктер отырғызылып, оны күтіп-баптау оқушыларға жүктелген. Олар сол арқылы биологиялық әлемді жіті зерттеп, тани алады.

Ұстаздың оқушыға білім берудегі өзіндік тәсілі, олармен қарым-қатынас жасаудағы ерекшелігі бүгінгі күні жоғары бағаланады. Себебі оқушымен мұғалім арасындағы тығыз байланыс білімнің сапалы болуына да ықпал ететін көрінеді. Білім ошағында ұжым мақтанышына, шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған мамандар жетерлік. Соның бірі – информатика пәні мұғалімі Аскар Қарасайұлы. Оның сабақ берудегі ерекше әдісі, әрбір оқушының жүрегіне жол таба білуі өзгелерге үлгі боларлықтай. Себебі білікті ұстазы бар мектептің оқушылары да информатика пәніне қызығушылық танытып, ІТ саласын игеруді көздеп отыр.

Сапалы білім беруде ұстаздар қауымына қойылатын талап жоғары. Ал ұстаздар қауымы бұл үдеден шығуда. Мәселен, «Үздік авторлық бағдарлама-2023» байқауында Гүлнар Асайбулдаева І орын алса, «Үздік жас маман-2022» байқауында АОД пәні мұғалімі Р.Әлібеков ІІ орынды иеленді. Бұдан бөлек пән мұғалімдері де қалалық, облыстық деңгейде марапат иелері атанған. Білікті ұстаз шәкірттері де білімді. Мұнда түрлі ғылыми жоба, пәндік олимпиада жеңімпаздары тәлім алуда.

Биыл мектепте бітіруші түлектер арасында Бағдат Смағамбет және Нұрдәулет Төлеген «Алтын белгіге», Ақниет Рүстемқызы «Үздік аттестат» үміткері. Бүгінде мектеп мақтанышына айналған «Алтын белгіге» үміткер Төлеген Нұрдәулет ҰБТ-ның бірінші кезеңінде аймақ бойынша ең жоғары балл жинап, мектеп абыройын көтерді.

Мектеп басшысы Роза Тағыбергенқызы алдағы уақытта білім ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, білім сапасын одан әрі арттыруды көздейді. Сондай-ақ «Отбасылық тәрбие мектебі» жобасын республикалық деңгейге жеткізсем деген ниетте.

Бетті дайындаған Айдана СейІІ Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық әрекеттерінің алдын алу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды. Сондықтан мектептердегі қауіпсіздік жүйесі қатаң бақылауға алынууда.



«Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығының талаптарын орындау қазір мектеп директорларына қатаң тапсырылған. Бұл бағытта қазіргі таңда нақты іс шаралар қолға алынып, тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Қоғамда жасөспірімдер мен балалардың өміріне қауіп төндіретін түрлі жағдайлар орын алууда. Бұл туралы күнделікті әлеуметтік желі, ақпарат құралдары хабарлауда. Балалардың өміріне қауіп төнбес үшін қазір барлық білім ордаларында қауіпсіздік күшейтілген. Соның аясында оқушыларда мектепке және сол аумаққа әкелуге тыйым салынған заттардың бар-жоғын мамандырылған күзет қызметкері арнайы темір іздегіш құралмен тексереді. Сондай-ақ білім ошағының тәрбие орындарына және сынып жетекшілері, психолог мамандарымен күнделікті тексеру жұмыстары күшейтілген түрде жүргізіледі.

Бұдан бөлек ата-аналар арасында «Бала қауіпсіздігі – баршаға ортақ» тақырыбында қалалық полиция басқармасының мамандарымен кездесу ұйымдастырылып, балаларға далада жатқан белгісіз заттарды алмау керектігі туралы түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Сонымен қатар ата-аналарға мектепке әкелуге тыйым салынған заттар тізімі таныстырылып, тиісті ақпарат берілген.

Қазіргі таңда балалар жазғы демалысқа шықты. Десе де олардың демалыс уақытында ата-аналарының қараусыз көшеде жүрмеуі ескертілген.

Ал жаңа оқу жылында мектептегі қауіпсіздік шарасы қайта күшейсін.

Ақсуат ауылдық округінің сайлау учаскелері

№227 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№143 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Махамбетов ауылы, Абай көшесі №48.

Шекаралары: Ақсуат ауылдық округінің Ж. Махамбетов ауылы.

№265 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№268 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Махамбетов ауылы, Б.Жонбаев көшесі, құрылыс №49.

Шекаралары: Ақсуат ауылдық округінің «Наурыз» саяжайы.

Қызылорда қаласы әкімінің 2021 жылғы 23 қыркүйектегі №18 шешімімен құрылған

Избирательные участки сельского округа Ақсуат

Избирательный участок №227

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №143» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, сельский округ Ақсуат, село Ж.Махамбетова, улица Абая №48а.

Границы: село Ж.Махамбетова сельского округа Ақсуат.

Избирательный участок №265

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Школа-лицей №268» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, сельский округ Ақсуат, село Ж.Махамбетова, улица Б.Жонбаева, строение №49.

Границы: дача «Наурыз» сельского округа Ақсуат.

Образована решением акима города Кызылорда №18 от 23 сентября 2021 года

ВИЦЕ-МИНИСТР САПАРЫ: Денсаулық саласының жетістігі де, кемшілігі де айтылды

Тасбөгет кентіндегі №4 қалалық емхана 2000 жылы құрылған. Бүгінде кент және оған қарасты Ақжарма, Иіркөл елді мекені мен Ақсуат ауылдық округі тұрғындарына медициналық қызмет көрсетеді. Вице-министр аталған денсаулық нысанына арнайы ат басын бұрды. Өз кезегінде мекеменің жұмыс барысы ондағы кабинеттердің жабықталуы, ғимараттың ішкі жай-күйімен танысты. Мұндағы басты мәселе – емхана ғимаратының тарлығы және медициналық қызмет көрсету талабына сәйкес келмеуі. Бұл мәселені аралау барысында вице-министрдің өзі де байқады. Осылайша көптен бері кент жұртшылығының басына болған мәселеге вице-министр құлақ түрді. Емхананың бас дәрігері Бақыт Піржанова жана ғимарат салуға дайын жер телімі барын, дегенмен құрылысқа тиісті қаржы бөлінбегенін жеткізді. 350 тұрғынды қабылдауға арналған емхана қазіргі таңда 40 мыңнан астам науқасқа қызмет көрсетеді. Сондай-ақ маман тапшылығы да бар. Соған қарамастан медицина мекемелеріне қойылатын

мен маңызды мәселелер туралы айтты. Оның ішінде қаржы тапшылығы, аудандық қосалқы бөлімшелердің ғимараттары титтік емес және ең төменгі санитарлық нормаларға сәйкес келмейтінін, санавиациялық қызмет көрсету де Арал, Қазалы, Қармақшы және Жанакорған аудандарына ұшақ қонатын алаңдардың тозығы жеткенін, күрделі жөндеу жұмыстары қажет екендігін жеткізді. Сонымен қатар оқу-симуляциялық орталығының жұмысын жандандыру, алғашқы медициналық көмек және реанимация түрлеріне оқытуға сырттан берілетін сұраныстарға әзірлену, оқыту лицензиясын алу, мекемеге қажетті заманауи автогараж салуға өзекті мәселеге айналған. Әсіресе санавиациялық қызмет көрсетуде туындайтын мәселелерді жоюға ықпал етуін сұрады.



талапқа сай жұмыс істеп, өзге емханалар арасында үздік деп танылған. Мәселенің мән-жайымен танысқан вице-министр Тимур Сұлтангазиев назарға алынатынын айтты. Іс-сапар барысы мұнан соң облыстық медициналық желдел-жәрдем стансасында жалғасты. Қазіргі таңда желдел-жәрдем стансасы құрамында 4 қалалық, 9 аудандық және медициналық авиация бөлімшесі мен оперативті бөлім жұмыс жасайды. Жалпы саны 50 шақырыс тобында 4 кардио бригадала, 32 педиатриялық, 10 желілік дәрігерлік және 32 фельдшерлік бригада бар. Осы орайда облыстық медициналық желдел-жәрдем стансасының басшысы Алматы Құрманғали мекеме жұмысын, ондағы оң көрсеткіштер

Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтангазиев бұдан бөлек облыстық көпбейлі ауруханаға барды. Ауруханың тыныс-тіршілігімен бас дәрігер Нұриддин Әмитов таныстырды. Аймақтағы бірден-бір

Аурухана жұмысымен танысқан вице-министр ауруханада ем қабылдап жатқан науқастарды да назардан тыс қалдырмады. Денсаулық жағдайын, қандай да бір шағымы барын сұрады.

Жоспарға сәйкес медицина саласының мамандарымен кездесу ауруханың мәжіліс залында өтті. Онда емхана бас дәрігерлері, сала мамандары бас қосты. Жиында маңызды деген мәселелер қозғалды. Әсіресе емханалардағы медициналық қызмет көрсетудегі кемшіліктер, тиімсіз тұстар, қаржы мәселесі, маман тапшылығы сынды өзекті жайттар талқыланды.

ағзаларының ауруларынан және туберкулезден болатын өлім-жітім – 22%-ға төмендегенін атап өтті. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі буын – медициналық-санитариялық алғашқы көмек. Халықтың сұрауы бойынша жалпы практика дәрігерінің жолдамасынсыз консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсету көзделген амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілді, – деді Тимур Сұлтангазиев.

Вице-министрдің айтуынша, ұлттық жоба шеңберінде Қызылорда облысының ауылдық елді мекендерінде 27 медициналық-



ХАЛЫҚҚА САПАЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ КӨМЕК – ПАРЫЗЫМЫЗ

Қызылорда облысына жұмыс сапармен келген ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтангазиев «Достық» үйінде бұқаралық ақпарат құралдарымен баспасөз конференциясын өткізді.

Жиында сөз алған вице-министр Қызылорда облысына келу сапары «Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау мақсатында екендігін тоқталды. Іс-сапар барысында қалалық 4 емхананың, облыстық ауруханың, желдел жәрдем станциясының жұмысымен танысқандығын тілге тиек еткен вице-министр, облыс тұрғындарының өзек-жарды мәселелерін халықпен кездесу барысында тыңдап, оны назарға алғандығын айтты. Сондай-ақ халықпен кездесу өткізгенін жеткізді.

– Бүгінгі таңда денсаулық сақтау жүйесінің бәсеке қабілеттілігі медициналық көмек көрсету екенін атап өттім келеді. 2022 жылы Қызылорда облысында жалпы өлім-жітім 21%-ға төмендегенін, сондай-ақ қанайалым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 16%-ға, облырдан болатын өлім-жітім 12%-ға, тыныс алу

санитариялық алғашқы көмек нысанының құрылысы жоспарланған. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау жүйесінде 78 мың дәрігер, оның ішінде Қызылорда облысында 2,1 мың дәрігер жұмыс істейді. Өңірде дәрігерлік кадрлардың тапшылығы 128 маманды құрайды. 2022 жылы ел өңірлеріне медициналық жағдай оқу орындарының 1809 түлегі, оның ішінде Қызылорда облысына – 54 түлек, оның ішінде ауылға 24 түлек бөлінгенін айтты. Дәрігерлерге, оның ішінде аса тапшы мамандықтар бойынша қажеттілікті қамтамасыз ету үшін 2022 жылы республикалық бюджеттің есебінен 4700 білім беру гранты, оның ішінде 1500 резидентура гранты бөлінсе, оның 30-ы біздің аймаққа тиесілі. 2023 жылдың басынан бастап Қызылорда облысын амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін 8 млрд теңгеден астам, стационарлық көмек үшін 7 млн теңгеден астам сомаға дәрілік заттар сатып алынғандығын жеткізді.

Жиының соңында журналистердің сауалдарына жауап берген вице-министр Президенттің тапсырмаларын орындау және халыққа медициналық көмектің сапасын арттыру жөнінде жан-жақты шаралар қабылданатындығын баса айтты.

Айдана СЕЙІЛ,
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

Құрметті Қызылордалықтар! «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2023» Ұлттық конкурсының қалалық деңгейдегі бірінші кезеңі басталды!

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

1) Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;
2) Бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

- Ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- Асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмектегі толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірмесі;
- Неке кино туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі – бар болса;
- Балаларды тәрбиелегені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- Балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнының анықтамалар және міндеттемелер;
- Ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);
- Отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

«Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық конкурсына қалалық 2023 жылғы 15 мамыр – 15 маусым аралығында қалалық қоғамдық даму бөлімінде қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Б.Жақаев көшесі №16 үй (қала әкімдігінің ғимараты), 306 - кабинет, байланыс телефоны: 26-39-54, 27-20-81.

ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН АКТИВТЕР ҚАЙТА МА?

Біз сөз еткелі отырған заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтаруға бағытталған құжат жайында Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев қаузап, арнайы баяндама жасады.

– 2022 жылдың басында Мемлекет басшысы еліміздегі байлықтың тең жартысы 162 адамға тиесілі екенін айтқан болатын. Сондай-ақ әлемдік қаржы сарапшыларының жасаған бағалауына сүйенсек, дамушы елдер пара алу, қаражатты заңсыз иемдену сияқты жолдармен жыл сайын шамамен 30 млрд долларға дейін жоғалтады екен. Активтерді елден шығаруға қарсы күрес – мемлекеттің міндеті. Өйткені ел экономикаға кері

әсер етіп, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндірелі, елдің прогрессивті дамуына зиян келтіреді, – деді мәжілісмен.

Халық қалаулысы қылмыстық жолмен тапқан табыстың қолма қол бөлігі әлемдік қаржы орталықтарынан әртүрлі жолдармен «қауіпсіз, жайлы орын» тауып жататынын тілге тиек етті. Оның айтуынша, бұл қаражат заңсыз түрде жылжымалы

байлыққа ие болған және оларға қатысы бар адамдарды жатқызуға болады. Соның ішінде жауапты мемлекеттік лауазымды, мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік секторда басқару функцияларын орындау барысында әкімшілік билік ресурстарына ие болған адамдар жатады. Яғни әкімшілік билік ресурстарын пайдалана отырып активтерге заңсыз иемдену мен қоспкерлікке заңға қайшы, бәсекелестіктен тыс арнайы қолайлы жағдай жасауға ықпалдасқан азаматтар, – деді Е.Бейсенбаев.

Депутаттар заң жобасын талқылаған соң құжатты бірауыздан қабылдады. Дегенмен жекенін иелігіне өтіп кетіп жатқан мемлекет меншігі әлі де бар. Депутат Мақсат Толықбай Алматы облысындағы бір мектептің не бары 15 млн теңгеге сатылып кеткенін айтып, жұртты елең еткізді. Тіпті екі ай уақыт ішінде бәрін қалпына келтіруді талап етті. Бұл – бір ғана мысал. Шынтуайтына келгенде, жүздеген, тіпті мыңдаған нысан жекеге заңсыз өтіп кетуі де мүмкін. 90-шы жылдардың аласапыранында мен мықтымын дегендер ұстағанын ұсынып шығармауға тырысып-ақ бақты. Енді оның бәрін қайтару үшін білекті сыбанумен қатар қорқы ашып жұмыс істеген ләзім.

Басы 1-бетте

А.БЕК



Теміржолдағы талқан-тағдыр

Кейде объективті шындықты ажырату үшін мәселенің себеп-салдарын бөле қарау жеткілікті. Өйтпесе, аласу оңай. Қарапайым мысалға сүйенсек, біз көбіне қоғамда кезігетін олқылықтың неден туындағанын емес, жою жолымен әлек боламыз. Мұндай қадам мәселені түзегенімен, саладағы келенсіздікті түбегейлі шешуге қауқарсыз келеді. Кейінгі кезігетін қайталама қателіктің салдары да осы. CNN арнасында арнайы бағдарлама әзірлеген Рея Магнат пен Джошуа Берингер екеуінің осы бір «себеп пен салдарды» аражігіне қатысты бейтарап талдау көзге түсті. Индиядағы теміржол апатын ақпараттандыруды назарға алған тілшілер оқиғаның немен аяқталғанын ғана емес, себепін де жеке қарастыру арқылы тақырыптан нәзік тінні тарқатқан.

Есте болса, өткен жұмада Индияның Одisha штатында теміржол апаты болды. Үш пойыз релстен шығып, вагондар аударылған. Салдарынан 300-ге жуық тұрғын қаза тауып, 1000-нан астам адам жаракат алды. Міне, осы жаңалықты CNN тілшілері өзге қырынан қарастырыпты. Мамандар оқиғаның салдарын емес, пойыз апатына не себеп болғанын қаузаған екен. Тіпті, басымдықты мемлекеттің логистикалық бағдарламаларының шикілігі мен инфра-структураға құйылған қаржының тиімсіз жұмсалыуына бағытталғанын айта кеткен жөн.



«Индия тарихындағы ең қайғылы апат елдегі теміржол желісінің қауіпсіздігіне сын көзбен қарауға итермеледі. Бұл деһин мұндай келенсіздікке алаң жоқ-тұғын. Өйткені Индия Британия колониясы болған кезде-ақ теміржол желісін қалыптастырып, бүгінде күнделікті 11 мың пойызды кедергісіз қатыпатады.

Сонда мүлтіксіз жүйенің қателігіне не себеп? Билік бұл сауалға теміржол сипалының ақауына сүйен жауап қайтарған. Белгі ақауы техникалық келенсіздіктен немесе адам фактордан туындауы ықтимал. Оның үстіне тозығы жеткен инфра-структура Индиядағы пойыз апатының бірден-бір себебіне айналуда. Мысалы, 2021 жылы 18 мың теміржол апаты болып, 16 мың адам көз жұмған. Жағдайдан хабардар премьер-министр Нарендра Моди де 2025 жылға дейін транспорт инфра-структурасын модернизациялауға 5 трлн доллар бөлен болатын. Қаржы ұсажайларды жаңарту, жол салу, жүрдек пойызды көбейту бағытына жұмсалмақ. Albright Stonebridge Group компаниясының дерегінше, теміржол саласын дамытуға бюджеттен тағы 29 млрд доллар бөлінеді деп жоспарланған», – деді авторлар.

Осы орайда бағдарлама барысында қызықты дерек көзге түсті. Тілшілер үкімет айтқан «ресми сылтауды» елемей, ескерусіз қалған себептің бірін тілге тиек еткен. Мемлекет теміржол, станция олқылығын айтқанда апатқа ұшыраған пойыздағы қауіпсіздік құрылысының істен шыққанын назарға алмайды деп айыптайды. Деректі де келісті келтірген. Индияның бұрынғы теміржол министрі Мамаата Банерджиілі өзге тартып, олқылықты маманның тарапынан жеткізген. Ол: «Білуіміше, пойызда соқтығыстың алдын алатын құрылғы мүлде болмаған. Егер пойызда ондай құрылғы болғанда қайғылы оқиға болмас еді», – дейді.


Тілшілер бағдарламада Индияның ұлттық теміржол жобасын да сында алған. Олардың айтуынша, келешекте қайғылы оқиғаны қайталау үшін 2021 жылы қолға алынған ұлттық теміржол жобасын жүйелі жүргізу қажет. Нәтижесінде, елдің үш бағыты жоғары жылдамдықты теміржол жүйесімен қамтылатын болады. Басымдық халқы миллионынан асатын, арашақтығы 300-700 шақырым болатын қалаларға берілмек.

«Индия жапондық технология, инженерлер мен қаржыгерлердің көмегіне мұқтаж. Егер келіссөздер сәтті жүзеге асса, алдағы 10 жылда Мумбай мен Ахмадабад арасын жалғайтын 508 шақырымдық теміржол желісі мен 12 маршрут қатарға қосылады. Соңғы деректерге қарағанда бұл жаңалықтың ауылы алыс емес. Себебі, Дхамму мен Кашмирді жалғайтын әлемдегі ең үлкен теміржол көпірі бітуге таяу. Тіпті қайғылы оқиға болмағанда өткен сенбіде премьер-министр Vande Bharat Express жүйірік пойызын іске қосуы қажет еді.

P.S. Жалпы соңғы он жылда теміржол апатынан туындаған қайғылы оқиға жиі болуда. Мысалы, 2005 жылы Андра-Прадеш штатында жолаушылар пойызы аударылып, 102 адам көз жұмғанын білеміз. Алты жыл өткесін Уттар-Прадеш штатында 10 адамның өмірін жалмаған апат қайталанды. Сондықтан болар, премьер-министр Нарендра Моди Индиядағы теміржол желісін тағы инвестиция салуға уәде беріп, байланыс пен қауіпсіздік жүйесін жаңартуға күш салатынын жеткізді.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Еркін ШАМШАДИН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардың нұсқалары редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертеді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2959

Тапсырыс №912

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА